БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

ҚАУЛЫ

АКИМАТ
ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

06.06.2022 г. № 95

Орал қаласы

город Уральск

**Жергілікті атқарушы органның
төтенше резервінің есебінен
қаражат бөлу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі жергілікті атқарушы органның төтенше резервінің есебінен 12 000 000 (он екі миллион) теңге көлеміндегі қаражатты «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесіне табиғи сипаттағы төтенше жағдайдың салдарын жою мақсатында Қаратөбе ауданының Шалғын ауылында жаңадан салынатын мектептің жобалық-сметалық құжаттамасын жасақтау және ведомстводан тыс кешенді сараптамадан өткізу үшін бөлсін.

2. «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз етсін.

3. «Батыс Қазақстан облысының құрылыс басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Батыс Қазақстан облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесіне 2022 жылдың 15 желтоқсанына дейін бөлінген қаражаттың нысаналы пайдаланылуы жөніндегі есепті ұсынсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Т.Ж.Мендіғалиевқа жүктелсін.

Облыс әкімі **Ғ. Есқалиев**